

"Қазақстан метрология институты консалтинг" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 маусымдағы N 605 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы заң күші бар Жарлығына сәйкес, сондай-ақ "Қазақстан Метрология институты (ҚазМетрИн)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын ықшамдау және оның қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің "Қазақстан метрология институты (ҚазМетрИн)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына "Қазақстан метрология институты консалтинг" шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құруға рұқсат етілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі